

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ORDA» ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ

«Келісілді»

Директордың оқу-өндірістік жұмысы
жөніндегі орынбасары

«29» А.С. Кунакбаева 2025 ж.

«Бекітемін»



«Келісілді»

Директордың оқу-әдістемелік жұмысы
жөніндегі орынбасары

«29» Г.Д. Тажинова 2025 ж.

ОҚУ, ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ДИПЛОМ АЛДЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУДІҢ ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2025 ж.

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

Келісемін:

«Педагогикалық және гуманитарлық мамандықтар» бөлімінің меңгерушісі

Келісемін:

«Ақпараттық технология» бөлімі

Келісемін:

«Техникалық мамандықтар» бірлестігінің жетекшісі

Келісемін:

«Дене тәрбиесі және Жалпы білімдік пәндер» бөлімінің меңгерушісі




Л.Ж.Елимбетова



А.Қ.Қалжанова



Г.И.Қожасбаева



Н.К. Какпанов

Алғы сөз

Өндірістік оқыту, кәсіптік, жұмысшы біліктілігін алу және диплом алдындағы тәжірибелерді ұйымдастыру және өткізудің ережесі колледждің оқу- өндірістік бөлімінде жасалып, Педагогикалық Кеңес отырысында қаралып, келісілді.

Хаттама № 1 «29» тамыз 2025ж.

Аталған ереже "Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Заңы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жыл, 06 сәуір №130 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 5-қосымша Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына 4-қосымша Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарт; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына 5-қосымша Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымдары үшін дуальды оқыту туралы үлгілік шарт нысанына сәйкес жасалды.

Мазмұны

1	Қолданылу аясы.....	5
2	Нормативтік сілтемелер.....	5
3	Анықтамалар.....	5
4	Белгілеулер мен қысқартулар.....	5
5	Жалпы ережелер.....	5
6	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру.....	5
7	Практика базалары.....	10
8	Кәсіптік практиканың кешенді бағдарламалары	11
9	Практиканттың есеп беру құжаттары	11
10	Кәсіптік практиканың нәтижелерін бағалау.....	12
11	Келісім және тарату.....	13
	А қосымшасы Директордың оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары кабинетіндегі кәсіби практика бойынша номенклатуралық папканың мазмұны.....	13
	Ә қосымшасы Білім алушыларды практикаға жолдау жөніндегі бұйрықты қалыптастыру үшін ұсыныстың үлгісі	14
	Б қосымшасы Практика бойынша бекіту (қорытынды) конференциясы хаттамасының үлгісі.....	15
	В қосымшасы Практика бойынша есебінің үлгісі.....	16
	Г қосымшасы Кәсіптік практика бойынша жинақтық есебінің үлгісі.....	18
	Ғ қосымшасы Білім алушыларының кәсіптік практикасын өткізу туралы келісім-шарттың үлгісі.....	20
	Д қосымшасы Кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың нысаны.....	22
	Е қосымшасы Практикаға жеке келісім-шарттарын тіркеу журналының үлгісі.....	26
	Ж қосымшасы Кәсіптік практиканың кешенді жұмыс оқу бағдарламасының үлгісі...	27
	З қосымшасы Кәсіби практикалардың түрлері бойынша күнделік үлгісі (Барлық педагогикалық мамандықтардың білім алушылары үшін).....	29
	И қосымшасы Кәсіби практикалардың түрлері бойынша күнделік үлгісі.....	33
	К қосымшасы Кәсіби практикалардың түрлері бойынша күнделік үлгісі.....	36
	Қ қосымшасы Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар кестесінің үлгісі.....	39
	Л қосымшасы Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің үлгісі.....	40
	М қосымшасы Практика бойынша есептің мұқабалық беттің үлгісі.....	41
	Н қосымшасы Білім алушы анкетасының үлгісі	42
	О қосымшасы База практикасынан практика жетекшісі анкетасының үлгісі	43
	П қосымшасы Білім алушылардың кәсіптік практикаларының есептерін қарастыру бойынша комиссия құру жөніндегі өкімнің үлгісі.....	44
	Р қосымшасы Құжаттарды архивке өткізу-қабылдау туралы АКТ үлгісі.....	45

1. Қолданылу аясы

Ереже Халықаралық «ORDA» жоғары колледжінің білім алушыларының өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаларын ұйымдастыруды регламенттеуге және келесі мәселелерді түсіндіруге арналады:

- білім алушылардың кәсіптік практикаларын өткізу және ұйымдастыруды - жоспарлауға әдістемелік көзқарастар;
- білім алушылардың практика мерзімін есептеу нормасы;
- кәсіптік практиканың нәтижелерін бағалау;
- практика бағдарламалары мен базаларына талаптар.

2. Нормативтік сілтемелер

Нормативтік сілтемелер

Ереже келесі нормативтік құжаттардың негізінде жасалды:

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 4 наурызда № 13395 болып тіркелді.

- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.

- Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 ақпанда №13227 болып тіркелді.

- Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 13 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5036 болып енгізілді.

- Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 21 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5191 болып енгізілді.

- "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 қарашадағы №509 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 27 қарашада №19655 болып тіркелді.

- Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы № 50 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда № 13422 болып тіркелді.

3. Анықтамалар

Ережеде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Жоғары оқу орынның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Жоғары оқу орыннан кейінгі білім алу мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес анықтамалар мен терминдер қолданылады.

4. Белгілеулер мен қысқартулар

Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

- ҚР – Қазақстан Республикасы;
- БҒМ – Білім және ғылым министрлігі;
- МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

5. Жалпы ережелер

5.1 Ереженің мақсаты, «ORDA» жоғары колледжінің білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдыстыруын және өткізудің регламенттеу.

5.2 Кәсіптік практика бұл білім алушылардың оқу процесінде алынған теориялық білімдерді бекіту және практикалық дағдыларды, құзреттілікті қалыптастыруға, озық тәжірибелерді және инновациялық технологияларды меңгеруге бағытталған білім бағдарламасының міндетті бөлігі болып табылады.

5.3 Кәсіптік практиканың әр түрінің мақсаты, міндеттері мен бағдарламасы бар, оларға байланысты кәсіптік практиканың тиісті базасы айқындалады.

5.4 Практика материалдары іс номенклатурасының регламенттейтін мерзіміне сәйкес пәндік бірлестіктерде және оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары кабинетіндегі папкаларда сақталады (Қосымша А).

6. Кәсіптік практиканың ұйымдастырылуы

6.1 Кәсіптік практика оқу жұмыс бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларына сәйкес оқу (таныстыру), өндірістік оқыту, өндірістік (технологиялық) және диплом алды түрлеріне айқындалады және күнтізбеге сәйкес өткізіледі. Пәндік бірлестіктер білім алушылардың тәжірибесін күшейту үшін, практиканы толық (бір бөлігін) үзбей өткізулері мүмкін.

6.2 Білім алушыларды практиканың барлық түріне жолдауы практика түрі, мерзімі, жетекшісі көрсетілген бірлестік жетекшісі ұсынысының негізінде колледж директорының бұйрығымен рәсімделеді. Бірлестік жетекшісінің ұсынысы кәсіптік практика басталуына екі жеті бұрын құрастырылады (Ә қосымшасы).

6.3 Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны стандарттармен, үлгілік және оқу жұмыс жоспарларымен және бағдарламалармен айқындалады.

6.4 Практика базалары ретінде анықталған мекемелермен бекітілген келісім-шарттар негізінде, сондай-ақ жекелеген тәртіпте өтініштер, сұраныс хат және жекелеген келісім-шарттар негізінде де өткізіледі.

6.5 Оқу практикасы барлық мамандықтардағы білім алушылар үшін өткізіледі және 2-курста ұйымдастырылады.

Оқу практикасының мақсаты: оқыту процесінде алынған теориялық білімдерді бекітуді және тереңдетуді, зерттеу қызметінің алғашқы дағдыларына ие болуды, іскерлік хат алмасуды жүргізуді машықтарды қамтитын бастапқы кәсіби құзыреттерді игеру, оқитын мамандыққа сәйкес қызметтің практикалық машықтар мен дағдыларды игеру болып табылады.

Оқу (танысу) практикасының негізгі міндеттері:

- техникалық және кәсіптік білім беру орны қызметінің негізгі бағыттарымен танысу;
- мамандықпен және оның білім беру бағдарламаларымен танысу;
- болашақ кәсіптің объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен,

құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу;

- болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу;
- іскерлік хат алмасуды зерттеу және іс қағаздарын жүргізу;
- еңбек ұжымында қызметті жасау дағдыларын игеру болып табылады.

6.6 Нақты пәндік саланың ерекшелігіне және болашақ маманның кәсіптік біліктілігіне байланысты оқу практикасының танысу, далада өтетін, экскурсиялық, бағдарлы, мектеп, есептеу, пленэр және т.б. түрлерін ажыратады.

6.7 Оқу практикасы болашақ кәсіптік қызметінің объектісі болып табылатын ұйымда танысу экскурсияларын қамти отырып техникалық және кәсіптік білім беру орнында өткізіледі.

6.8 Оқу практикасы аталған мамандық бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын арнайы бірлестіктерге, бөлімге, директордың өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасарына бекітіледі.

6.9 Оқу практикасының бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына және мамандықтың бейініне сәйкес әзірленеді.

6.10 Оқу практикасы бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына және мамандықтың бейініне сәйкес әзірленеді.

6.11 Оқу практикасы мамандыққа байланысты өндірістік оқыту және оқу процесінің жалғасу түрлерінде жүзеге асырылады.

6.12 Оқу практикасын оқу пәндерін оқып зерделеудің жалғасы болатын жағдайда өндірістік оқыту шебері немесе тиісті пәнді оқытатын оқытушы жүргізеді.

Оқу пәндерінің жалғасы болып табылатын практикалық сабақтардың тізбесін пәндік циклдық комиссиялар айқындайды және оқу орнының басшысы бекітеді.

6.13 Оқу практикалық сабақтарды әдістемелік пен материалдық дайындауды өндірістік оқыту шебері немесе тиісті пәнді жүргізетін арнайы пәндер оқытушылары жүзеге асырады.

6.14 Мамандыққа байланысты оқу практикасы оқу және оқу-өндірістік шеберханаларында, оқу шаруашылықтарында, оқу-тәжірибелік учаскелерде және оқу орнының басқа оқу-көмекші объектілерінде, сондай-ақ (дуальды оқыту болған жағдайда) кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде өткізіледі.

6.15 Оқу практикасын өткізу кезінде оқу тобын "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 282 бұйрығына сәйкес кіші топтарға бөлу ұсынылады.

6.16 Білім алушылардың оқу практикасында, оқу орнының оқу-көмекші объектілерінде жұмыс күнінің ұзақтылығы 6 сағатты құрайды, ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде) еңбек туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті қызметкерлердің дәрежелері үшін жасқа және өндірістің жағдайларына байланысты. Оқу практикасы аяқталғаннан соң білім алушыларға олардың практика кезінде жұмысы бойынша ағымдағы бақылаудың негізінде баға қойылады.

6.17 Білім алушылардың оқу практика бағдарламасының орындауын есепке алу нысаны Заңға сәйкес бекітілген өндірістік оқытуды есепке алу журналында белгіленеді.

Технологиялық практиканың (мамандық бейіні бойынша) негізгі міндеттері:

- Білім алушыларды болашақ кәсіби қызметімен ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде) тікелей таныстыру;
- Білім алушылардың мамандық бойынша бастапқы машықтар мен дағдыларын меңгеру;
- Ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде) нақты кәсіптік қызметін орындау мен зерттеудің негізінде арнайы пәндерді оқу кезінде алынған білімдерді бекіту, тереңдету және жүйелеу;
- Кәсіби ойлауды дамыту, өндірісте машықтарға баулау және кәсіби қызметінің дағдыларын игеру болып табылады.

6.18 Технологиялық практика (мамандықтың бағыты бойынша) ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде), сондай-ақ оқу орындарының оқу-өндірістік және оқу шаруашылықтарда өткізіледі.

6.19 Технологиялық практика аяқталғаннан кейін мамандықтардың бағыты мен күрделілігіне қарай тиісті кәсіби біліктілікті растау және алуға арналған емтихандық жұмыстар

орындау түрінде аралық аттестаттауды өткізуі қарастырылған.

Мамандықтар бағыттары бойынша емтихандық жұмыстарды өткізу үшін ұйымдар (кәсіпорындар, мекемелер) мен оқу орындары өкілдерінің енгізуімен біліктілік комиссиялары ұйымдастырылады.

6.20 Аралық аттестаттаудың қорытындылары бойынша білім алушыларға нақты мамандық бойынша кәсіби біліктіліктің қол жеткізген деңгейі (разряд, класс, санат) беріледі.

6.21 Технологиялық практиканың қорытындылары бойынша кәсіптік практиканың бағдарламаларын орындау туралы жазбаша есептің және осы Қағидаға 3, И, К қосымшаларына сәйкес нысан бойынша кәсіптік практиканы өту туралы күнделік-есептің тапсырылуы, сондай-ақ практикадан өтетін орнынан ұсынылатын біліктілік деңгейін көрсете отырып өндірістік мінездеменің берілуі қарастырылған.

6.22 Технологиялық практиканы орындау нәтижелерін бағалау ұйымнан (кәсіпорнынан, мекемеден) практика жетекшісі құрастырған өндірістік мінездеме ескеріле отырып, әңгімелесу негізінде анықталады.

6.23 Білім алушылардың технологиялық және өндірістік (диплом алды) практика бағдарламаларының орындауын есепке алуы кәсіптік практика бағдарламасының орындалуы туралы жазбаша есепте және осы Қағидаға 3,И,К қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі туралы күнделік-есепте белгіленеді.

6.24 Өндірістік практика барлық мамандықтардағы (педагогикалық пен тілдік мамандықтарынан басқа) білім алушылар үшін жүргізіледі және білім алушылардың оқуды аяқталуына дейін 2 курстан бастап ұйымдастырылады.

6.25 Өндірістік практика оның мазмұнына байланысты арнайы бірлестікте бекітіледі.

Өндірістік практиканың мақсаты: кәсіби құзыретін бекіту, кәсіби қызметінің практикалық дағдылары мен тәжірибені игеру болып табылады.

Өндірістік практиканың негізгі міндеттері:

- мамандық бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып зерттеу;

- теориялық білімдерді бекіту және бұл негізінде кәсіби машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру;

- инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерді меңгеру;

- ұйымдастырушылық және кәсіптік тәжірибені игеру;

- командалық жұмыстың, басқарудың корпоративтік қағидалары құзыретінің дағдыларын игеру;

- өз бетінше өз қызметті жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыстарды орнату, рольдік кәсіби ұстанымын айқындау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру машықтарды меңгеру болып табылады.

6.26 07130200-«Электрмен қамтамасыз ету (салалары бойынша)», 07130300 – «Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары», 06120100 - «Есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыздандыру» мамандықтар, 06130100 –«Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары, 07161300 –«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» топтары бойынша білім алушылардың кәсіптік практикасы дуальды білім беру жүйесінің қағидаларын есепке алады.

6.27 Өндірістік практиканың бағдарламасы мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушыларда кәсіби мағыналы машықтарды өндіруге және кәсіби стандарттарының талаптарына сәйкес арнайы құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

6.28 Педагогикалық практика арнайы пәндер немесе теориялық курсты толық аяқтағаннан кейін ұйымдастырылады.

6.29 Педагогикалық практиканың бағдарламасы мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушыларда кәсіби мағыналы машықтарды жасауға және мұғалім мен педагогтың педагогикалық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Педагогикалық практиканың мақсаты: жалпы ғылыми, культурологиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту және тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

Педагогикалық практиканың негізгі міндеттері:

- педагогикалық қызметтің бастапқы тәжірибесін игеру;
- сабақ беру мен оқыту әдістемесін меңгеру;
- педагогикалық шеберліктің негіздерін білу;
- оқу-тәрбие және оқытушылық жұмысты өз бетінше жүргізудің машықтары мен дағдыларына баулау;
- ғылыми-психологиялық және педагогикалық зерттеудің дағдыларын меңгеру;
- тәрбие жұмысының әдістемесін меңгеру;
- оқытудың инновациялық технологияларды білу;
- оқу және тәрбие жұмысы барысында білім алушыларға олардың даму ерекшеліктерін ескере отырып жеке тәсілді жүзеге асыру болып табылады.

6.30 Диплом алды практика дипломдық жұмысты (жобаны) орындайтын білім алушылар үшін ұйымдастырылады, диплом алды практиканың мазмұны дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбымен айқындалады.

Диплом алды практиканың мақсаты: дипломдық жұмысты (жобаны) жазудың аяқталуы болып табылады.

Диплом алды практиканың негізгі міндеттері:

- дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау;
- дипломдық зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтері мен практикалық материалдарды талдау;
- дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбы бойынша қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау;
- дипломдық жұмысты немесе есепті білгіленген талаптарға сәйкес ресімдеу болып табылады.

6.31 Диплом алды практика бойынша басшылықты әдеттегідей дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі жүзеге асырады.

6.32 Диплом алды практиканың ұзақтылығы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) жазуға берілген сағат санымен айқындалады.

6.33 Диплом алды практиканың қорытындылары арнайы бірлестік ұйымдастыратын дипломдық жұмысты (жобасын) алдын ала қорғауда қорытындыланады. Дипломдық жұмысты (жобасын) алдын ала қорғау бірлестік отырысында өткізіледі және хаттамамен ресімделеді.

6.34 Кәсіптік практика өту кезінде білім алушыларға техникалық және кәсіптік білім орны атынан жетекші бекітіледі.

6.35 Білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру 4 кезеңнен тұрады: дайындық, пропедевтикалық, қалыптастыру және қорытындылау. Олардың әрқайсысы білім алушының кәсіптік шеберлігін қалыптастырудағы кәсіби қызметтің практикалық дайындығының ерекше тапсырмаларын жүзеге асырады.

6.36 Дайындық кезеңі – практиканы өткізу бойынша кешенді жұмыс оқу бағдарламасы мен әдістемелік нұсқауларды даярлау және бекіту, практикаларды өткізу үшін базалық келісім-шарттар жасасу, практика базаларын анықтау және олар бойынша білім алушыларды бөлу, бұйрық дайындау үшін ұсыныстарды даярлау (Ә қосымшасы), бекіту конференцияларын өткізу;

6.37 Пропедевтикалық (таныстыру) кезең – практика базасымен және оның құрылымымен, практиканы жүзеге асыру үшін қажетті әкімшілік және нормативтік құжаттармен, ішкі тәртіп ережелері мен негізгі әдістерімен, мекеменің жұмыс бағыттары және принциптерімен, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және кәсіптік санитария ережелерімен білім алушыларды таныстыру болып табылады. Сонымен бірге, білім алушылардың практика бойынша есебіне қосылатын практика кезеңіндегі (Б қосымшасы) жеке жұмыс жоспары құрастырылады.

6.38 Қалыптастырушы кезең – кәсіптік функциялардың бекітілген бағдарламаларын тікелей жүзеге асыру. Практикалық және зерттеу тапсырмалары жүйесін орындау, есеп беру құжаттарын жүргізу, кәсіптік шеберлік пен дағдыларды қалыптастыру, теориялық білімдерін практикалық жұмыстарда бекіту;

6.39 Қорытындылау кезеңі – практикалық қызметтің нәтижелерін рәсімдеу: есеп жазу, күнделіктерді және практиканттардың есеп беру құжаттарының басқа түрлерін бекіту, техникалық және кәсіптік білім орны және практика базасы бойынша практика жетекшісінің білім алушылардың практикалық қызметін балмен бағалаған пікірі, бірлестік жетекшісінің өкімімен тағайындалған комиссияның алдында есеп қорғау, практика бағдарламасының орындалуы сарапталған қорытынды конференция өткізу.

6.40 Кәсіптік практика бойынша бекіту және қорытынды конференциялар бірлестік жетекшісімен, практикаға жауапты оқытушымен, практика жетекшілерімен бірлесіп ұйымдастырылады және өткізіледі.

6.41 Бекіту конференциялары білім алушыларды практиканың жұмыс оқу бағдарламасымен, техникалық және кәсіптік білім орны бойынша практика жетекшілерін бекіту (Р Қосымшасы) және оларды практика базаларына бөлу бойынша бұйрықпен таныстыру мақсатында практикаға дейін 3-5 күн бұрын өткізіледі, есеп беру құжаттарының тапсырылу уақыты хабарланады.

6.42 Қорытынды конференция практиканың қорытындыларын шығару бойынша есеп беруді 6 күннен кешіктірмей, кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін анықтау мақсатында, оларды шешудің механизмін дайындау және алда тұрған кәсіптік қызметке қолайлы жағдай қалыптастыру үшін өткізеді.

6.43 Қорытынды конференцияда практиканттардың жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылады: қабырға газеті, тақырыптық қабырғалардың макеттері, фотоальбомдар, видеоматериалдар және т.б.

Қорытынды конференцияда озық білім алушы-практиканттарды ұйым және бірлестік атынан кәсіптік практиканың тапсырмаларын орындаудағы жауапкершілігі, бастамашылдығы, шығармашылық көзқарасы үшін марапаттауға болады.

6.44 Конференция материалдары берілген форма бойынша міндетті түрде хаттамалармен рәсімделеді (Б қосымшасы) және қорытынды конференциядан кейін практика басшысы практиканы ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі есепті дайындайды (В қосымшасы).

6.45 Оқу жылы аяқталған соң барлық практика басшыларының есептерінің негізінде, бірлестік бойынша кәсіптік практикаға жауапты жылдық есеп жасайды (Д қосымшасы). Академиялық күнтізбенің аптасынан кейін өтетін практикалар келесі жылдың есебіне кіреді.

6.46 Сырттай бөлімнің білім алушылары мамандығы бойынша жұмыс істеп жүрген жағдайда кәсіптік практикадан босатылады, оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі директордың орынбасарының ұсынысында көрсетіледі (Б Қосымшасы). Бұл жағдайда білім алушылар сырттай оқу бөліміне жұмысынан кәсіптік іс-әрекетін көрсететін анықтама, мінездеме ұсынады. Сырттай білім алушылардың практикалық дағдыларын бірлестік және сырттай оқу бөлімі бағалайды.

6.47 Тізбесі оқу жоспарына сәйкес анықталатын зертханалық жұмыстарды, практикалық сабақтарды өткізуде, шеберханаларда (оқу полигондарында және оқу шаруашылықтарында) өндірістік оқыту кезінде оқу топтарының саны 13 адамнан аспайтын кіші топтарға бөлінеді.

6.48 Білім алушылардың кәсіби практикаларын ұйымдастыру және өткізу жауапкершілігі шығарушы бірлестік жетекшісіне жүктеледі.

7. Практика базалары

7.1 Білім алушылардың кәсіптік практиканы өткізу үшін базасы ретінде жарғылық қызметі мамандарды даярлаудың бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін, кәсіптік практикаға жетекшілік етуді жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады.

7.2 Оқу практикаларының базалары болып оқу орындары, оқу шеберханалары, зертханалар, полигондар, тәжірибелі шаруашылықтар, компьютерлік кластар және техникалық және кәсіптік білім орнының оқу-әдістемелік бөлімшелері, сонымен бірге болашақ профессионалдық қызметке сәйкес ұйымдар. Оқу практикаларын өткізу үшін сыртқы ұйымдармен сәйкес келісім-шарттар жасалады.

7.3 Педагогикалық практикалардың базалары болып жалпы орта білім беретін, кәсіби бастауыш, орта, техникалық кәсіби білім беретін ұйымдар табылады.

7.4 Оқытылатын мамандықтың профиліне сәйкес ұйымдар(немесе туыстық ұйымдар) өндірістік практика базалары болып табылады.

7.5 Біліктілік жұмыстары дайындалатын кәсіпорындар мен ұйымдар дипломалды практикасының базалары болып табылады.

7.6 Ғылыми-зерттеу ұйымдар, өндірістік кәсіпорындар, кітапханалар, мұрағаттар және т.б. зерттеу практика базалары болып табылады.

7.7 Техникалық және кәсіптік білім орны практикасының басталуына 1 (бір) ай мерзімнен кем емес уақытта типтік келісім-шарттың формасына сәйкес практика базаларымен келісім-шарт бекітеді. Жеке келісім-шарттар практиканың басталуына 1 ай мерзімнен кем емес бұрын жасалады (F және D Қосымшасы)

7.8 Практика базаларының шарттары Оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары кабинетінде тіркелсе, жеке келісім-шарттар бірлестіктегі арнайы журналда тіркеледі (E Қосымшасы).

7.9 Кәсіптік практиканы өткізу үшін оқу орны практика базасымен келісілген бағдарламаны, күнтізбелік кестелерді, кәсіптік практиканы өтудің оқу-тәрбиелік процесінің кестесін бекітеді.

7.10 Кәсіптік практикаға арналған шығындарды оқу орны және практика базасы болып табылатын кәсіпорын (мекеме, ұйым) жоспарлайды және кәсіптік практиканы өткізуге арналған шартта айқындалады (қосымша келісім-шартпен бекітіледі).

7.11 Өндірістік қажеттілік болған жағдайда білім алушы-практиканттар белгілі бір лауазымға оларға еңбек ақысын төлей отырып, уақытша жұмысқа қабылданады.

7.12 Практика базасы – ұйым білім алушылармен кәсіптік практиканы өту кезінде болатын қайғылы оқиғаларға 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес толық жауапты болады.(J Қосымшасы)

8. Кәсіптік практиканы өткізу бойынша кешенді жұмыс оқу бағдарламалары

8.1 Кешенді жұмыс оқу бағдарламаларын кәсіби мамандықтың және практика базасының ерекшеліктерін есепке ала отырып және практиканың пәні мен оның пререквизиттерін, сондай-ақ, білім алушыға практиканы өтуге қажетті пәндерді қарастыра отырып маман шығарушы бірлестік практикалық база мамандарының қатысуымен даярлайды.

8.2 Бағдарламаларды даярлауға қатысқан бірлестік отырысында және Оқу әдістемелік кеңесінде қарастырылады және директор немесе оқу - өндірістік жұмыстары жөніндегі директордың орынбасарымен бекітіледі.

8.3 Практика бағдарламасында көрсетілуге тиіс:

- практиканың мақсаты мен міндеттері;
- практика өту кезінде қалыптасқан компетенциялар;
- практиканың пререквизиттері;
- практиканың мазмұны;
- практика тапсырмалары;
- практиканы өту бойынша әдістемелік нұсқаулар;
- есеп беру құжаттарының формалары және оларды жазу бойынша талаптар;
- практика бойынша бағалаудың критерийлері;
- ұсынылатын әдебиеттердің тізімі.

8.4. Кәсіптік практиканың жұмыс оқу бағдарламасының және практика бойынша әдістемелік нұсқауларлардың мұқабалық беттері Ж қосымшасында көрсетілген.

9. Практиканттың есептік құжаттары

9.1 Практиканттың есептік құжаттары мыналардан тұрады:

- практика күнделігі күнде толтырылады, орындалатын жұмыстың мазмұны мен мінездемесі көрсетіледі, күнделікті практика жетекшісі күнде тексеріп тұрады, ал практика аяқталғаннан кейін ұйымның мөрімен расталады (практика күнделіктері оқу-әдістемелік басқармасымен практика басшысына күнтізбелік жылдың басында беріледі (З, И, К

Қосымшалары). Практика күнделігіне мамандықтың практикасы мен білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес өзгертулер енгізуге болады;

- мекемеден және техникалық және кәсіптік білім орны болған практика жетекшісінің пікірі (практиканттың күнделігіне жазылады), практика кезеңіндегі білім алушының қызметінің жағымды және жағымсыз жақтары, оқу бағдарламасының және алға қойған мақсатқа жетудегі білім алушылардың жұмыстарының орындалу деңгейі көрсетіледі. Практика бағасы қойылады;

- бірлестікке тапсырылатын және болашақта қорғалатын білім алушы есебі; есепте практика өту кезеңіндегі нақты орындалған жұмыстардың мәліметі, сондай-ақ практика базаларының суреттелуі (зертханалар, цехтер, бөлімшелер және т.б.), оның қызметінің ұйымдастырылуы, сондай-ақ қорытындылар мен ұсыныстар (М қосымшасы);

- практиканың материалдары, жеке және кешенді тапсырмалары т.б. (Қ Қосымшасы)

9.2 Кәсіптік практика бойынша білім алушылардың есептік құжаттары практика аяқталғаннан кейін бірінші 3 күн ішінде тексеріске тапсырылады.

9.3 Кәсіптік практика бойынша қорғау есептері аяқталғаннан кейін 6 күннен кешіктірмей өткізіледі.

9.4 Жазғы кезеңде өткізілген практика жөніндегі білім алушылар есептері академиялық кезеңнің аптасынан соң, бірінші 3 күн ішінде бірлестікке тапсырылады. Осындай жағдайда практика бойынша қорғау есептері академиялық кезең аяқталғаннан кейін 6 күннен кешіктірмей өткізіледі.

Практиканы оқу жылы бойында өткізген жағдайда (академиялық кезеңнің ортасында немесе аралығында) – ол аяқталғаннан кейін бір аптаның ішінде тапсырылады.

9.5 Практика аяқталғаннан кейін басқа практика басталып, демалыс күндері басталған жағдайда кәсіптік практика бойынша есептерді практика аяқталуына 2 күн қалғанға дейін бірлестікке тапсырылады. Осындай жағдайда практика бойынша қорғау есептері практиканың соңғы күнінде өткізіледі.

9.6 Білім алушылардың практика бойынша есептері білім алушының техникалық және кәсіптік білім орнында оқыған жылдарында шығарушы бірлестікте сақталады, одан кейін актімен санаттан шығарылады. Санаттан шығару бірлестік жетекшісінен, практика жетекшілерінен және тұлғалардан, бірлестіктегі іс жүргізуге жауап берушіден құралған комиссияның актісі негізінде жүзеге асырылады. Акт формасы Х Қосымшасында келтірілген.

9.7 Кәсіптік практикаларды өткізуді жетілдіру және практика қорытындыларымен қанағаттану деңгейін бағалау үшін кәсіптік практикалар бойынша есептерді қорғаудың соңынан білім алушыларға анкета өткізіледі. Анкетаның формасы Н Қосымшасында көрсетілген.

9.8 Тұтынушылармен екі жақты байланысты қолдау және практиканы өткізуді ұйымдастыруды жетілдіру үшін практика базасынан болған жетекшіге анкета өткізіледі. Практика базасынан болған жетекші анкетасының формасы О Қосымшасында көрсетілген.

9.9 Білім алушыларға және практика базасынан болған жетекшіге анкета өткізудің жауапкершілігі бірлестік жетекшісі жауапты. Анкетаға анализ жасауды практика басшысы өткізеді. Анкета нәтижелері практика бойынша есептерінде көрсетілуі тиіс.

10. Кәсіптік практиканың нәтижелерін бағалау

10.1 Білім алушы берілген практика түріне пән пререквизитін тапсырған жағдайда ғана практикаға жіберіледі.

10.2 Кәсіптік практика аяқталғаннан кейін білім алушылар есептік құжаттарын бірлестікке тексеріске тапсырады. Білім алушының есебі колледждің практика басшысымен тексеріледі және бірлестік жетекшісінің өкімімен бекітілген комиссияның алдында қорғанады (П Қосымшасы). Кәсіптік практиканың нәтижелерін бағалау жүзеге асырылады, ағымдағы және қорытынды рейтингті жасайды.

10.3 Практикаға бір жетекші белгіленген жағдайда (оқу практикасының түрлері, зерттеу практикалар бойынша) есептің рәсімделуіне және қорғалатын нысан бойынша білімдерін көрсетулеріне сәйкес комиссияның алдында ұсынылған есепті қорғаудың нәтижелері бойынша баға қойылады;

10.4 Практикаға екі жетекші бекітілгенде - Колледжден және практика базасынан (өндірістік, педагогикалық), қорытынды баға практика базасының басшысының бағалау

есепінен (оның салмағы қорытынды бағадан 40% болып табылады) және комиссияның алдында ұсынылған есепті қорғаудың нәтижелері бойынша қойылады (оның салмағы қорытынды бағадан 60% болып табылады).

10.5 Педагогикалық практика бойынша қорытынды баға қою кезінде практика жетекшілерінің бағалары назарға алынады.

10.6 Кәсіптік практика қорытындылары Ғылыми әдістемелік кеңестерінде, бірлестік отырыстарында талқыланады. Қажет болған жағдайда практиканы өткізу сапасын дұрыстау бойынша іс-шаралар жоспары құрастырылады.

10.7 Дәлелді себептермен практика өтпеген білім алушы оқу бөлімі белгілеген уақытта директордың бұйрығына сәйкес практиканы оқу процесінен үзіліссіз өтеді. Бұл жағдайда практиканың өту уақыты екі есеге ұзартылады.

10.8 Білім алушы практикаға себепсіз келмеген немесе практиканың бағдарламасын орындамаған жағдайда, есебін қорғауда практикадан «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда, келесі академиялық кезеңдердің ішінде теориялық оқыту кезеңімен қатар жіберіледі, немесе жазғы семестірге қалады. Бұндай жағдайда практиканы ақылы негізде жеке оқу жоспарына қосып өтеді. Егер практика өтілімін оқу бөлімі теориялық оқытумен қатар қойылса, практика мерзімі екіге өседі. Бұл жағдайда, оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары ұсынысы Ә Қосымшасымен толырылады.

10.9 Практика бойынша академиялық қарызы бар білім алушы қорытынды аттестацияға жіберілмейді және оқу жоспарын орындамағаны үшін оқудан шығарылады.

11. Келісім және тарату

11.1 Қосымшада көрсетілген сарапшыларға Ереженің жобасын таратылуы дайындаушылармен жүзеге асырылады.

11.2 Ереженің келісімі оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары, оқу әдістемелік бөлімінің бастығымен жасасып жүзеге асырылады және «Келісім парағында» рәсімделеді, ол нақты құжатпен бірге сақталады.

11.3 Құжаттың даналары Халықаралық «ORDA» жоғары колледжінің бірлестік жетекшілеріне қол қойдырылып таратылады.

А Қосымшасы

Оқу өндірістік жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары кабинетіндегі кәсіби практика бойынша номенклатуралық папканың мазмұны:

1. Оқу-өндірістік жұмыс жоспары
2. Өндірістік оқыту, кәсіптік тәжірибелердің өту графигі
3. Өндірістік оқыту, кәсіптік тәжірибелердің нұсқаулығы
4. Тәжірибе жетекшілерін тағайындау бұйрығы
5. Студенттердің өндірістік оқыту, кәсіптік тәжірибелерден өту есебі
6. Тәжірибе өту базаларымен, дуалды оқыту жүйесі бойынша келісім-шарттар
7. Оқу-өндірістік жұмыс есебі, Студенттердің тәжірибеден өту мониторингі
8. Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәлімет
9. Оқу шеберханаларында еңбек қауіпсіздігін сақтау туралы нұсқаулар
10. Шеберханалардың тәжірибеден өтуге арналған оқу-құрал жабдықтарының жарамсыздығы туралы ақаулық актісі

Ә Қосымшасы
Білім алушыларды практикаға жолдау туралы бұйрықты қалыптастыру үшін
ұсыныстың үлгісі

«Қарсы емеспін»
Директордың оқу
жұмыстары жөніндегі
орынбасары
_____ А.С.Аралбаева

Халықаралық
«ORDA» жоғары колледжінің
директоры Г.С. Досжановаға
«Педагогикалық және гуманитарлық
мамандықтар» бөлімінің меңгерушісі
Л.Ж.Елимбетовадан

ҰСЫНЫС

_____ № _____
«_____» _____ 20 ____ ж.
Қызылорда қ.

Практикаға жолдау туралы

§1. Жұмыс оқу жоспарына және мамандықтың оқу үдерісі кестесіне сәйкес 01140600-«Негізгі орта білім» мамандығының 3 курс күндізгі бөлімде оқитын ШТ-9-13Г оқу тобының студенттерін 02.09.2025-28.09.2025 ж. (4 апта 144 сағат) «Сыныптан тыс жұмыс» тәжірибесінен өтуге төмендегі мекемелерге жіберуге ұсыныс білдіремін.

р/с	Аты-жөні	Іс-тәжірибе өту орны
1	Айтанасова Ғарышкүл	Қызылорда қ, КММ №257 орта мектеп
2	Әбдікәрім Балғын	Қызылорда обл, Шиелі ауданы, КММ №243 орта мектеп

§2. Студенттердің _____ тәжірибесінен өту мерзімі аралығында техника қауіпсіздігі ережелеріне жауапкершілікті «Педагогика және гуманитарлық» бөлімінің оқытушысы тәжірибе жетекшісі Т.Орынбасарға жүктелуін сұраймын.

Ұсынысты әзірлеген:

«Педагогикалық және гуманитарлық
мамандықтар» бөлімінің меңгерушісі

Л.Ж.Елимбетова

Б Қосымшасы
Практика бойынша бекіту (қорытынды) конференциясы
хаттамасының формасы

Халықаралық «ORDA» жоғары колледжінің
«Педагогикалық және гуманитарлық
мамандықтар» бөлімі

ХАТТАМА

_____ № _____
(күні)

Білім алушылардың өндірістік (педагогикалық, ...) практикасы бойынша бекіту (қорытынды) конференциясы

Төраға - А. Тегі

Хатшы - А. Тегі

Қатысқандар: адам (тізімі қоса беріледі)

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1жайында
Меңгерушінің сөзі
2жайында

1 ТЫҢДАЛДЫ:

А.Т –баяндамасы ұсынылады

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

А.Т.- қысқаша айтқаны жазылады

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұсынылған.... қолдануға берілсін
- 2.

2 ТЫҢДАЛДЫ:

А.Т –

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

2 ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Төраға _____ А.Тегі
(қолы)

Хатшы _____ А.Тегі
(қолы)

В Қосымшасы

Практика бойынша бірлестік бойынша есеп формасы

_____ оқу жылындағы _____ - _____ мамандығының білім алушылардың кәсіптік практикаларын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі

ЕСЕБІ

Практиканың ұйымдастырылуы

1.Тәжірибені жинақтау жұмысының мақсаты, міндеті (мамандықтарға байланысты қысқаша шолу);

1-кесте – Практика туралы жалпы ақпарат

Рет №	Практика түрлері	Топ шифрі	Курс, оқу тобы	Білім алушылар саны	Оқытушы -ның аты-жөні	Өткізілу уақыты	Бекіту конференциясы уақыты мен хаттама нөмірі	Қорытынды конференция-ның уақыты мен хаттама нөмірі

1.2 Практиканың әдістемелік қамтамасыз етілуі

- құрастырушылары мен бекітілу уақыты көрсетілген практиканың жұмыс оқу бағдарламасы;
- бірлестік дайындаған әдістемелік құралдар, нұсқаулар.

1.3 Практика базалары

Мамандықтардың практика базаларымен қамтамасыз етілуі. Практика базаларымен жасалған келісім-шарттардың саны (келісім-шарттардың нөмірлері мен уақыттары көрсетілуі керек). Ескерту: Кесте болуы мүмкін.

2 Білім алушылармен өткізілген практика кезеңі мен зерттеу тақырыптары

3 Практика қорытындылары

2-кесте - Өткізілген практикалардың қорытындылары

Практика түрі	Курс	Оқу тобы	Оқу нысаны	Барлық білім алушылар	Практика бойынша бағалар				Орташа балл
					өте жақ.	жақсы	қанағат.	қанағат-сыз	

3-кесте – Практиканың өткізілу әдістері

Практика түрі	Курс	Оқу тобы	Оқу нысаны	Барлық білім алушылар	Практикадан өткен білім алушылардың саны		
					Топ құрамында өткені	Жеке келісім-шарт негізінде	Мінземе бойынша практикадан босатылғандар*

*Ескерту: сырттай оқу формасына толтырылады

4. Практика бағдарламасының орындалуына сараптама

Практикаға білім алушылардың дайындық дәрежесіне баға беру және осы дайындықты жүзеге асырушы бірлестік жұмысының сапасын бағалау. Білім алушылардың негізгі меңгергендігін және практиканы өту кезінде қандай қиындықтар болғандығын көрсету.

5. Білім алушылардың практика ұйымдастыру жөнінде қанағаттандылығын анықтау

Білім алушылардың практика ұйымдастыру жөнінде қанағаттандылығын анықтау, материалды-техникалық-құралдармен, әдебиетпен қамтамасыз ету. Практика базасының ұсыныстарын анықтау.

6. Қорытындылар мен ұсыныстар

Практика жетекшісі _____ А.Тегі
(қолы)

Г Қосымшасы
Кәсіптік практика бойынша жинақтық есебінің формасы

Халықаралық
«ORDA» жоғары колледжінің
«Педагогикалық және гуманитарлық
мамандықтар» бөлімі

«Бекітемін»
Халықаралық
«ORDA» жоғары колледжінің
оқу жұмыстары жөніндегі
директордың орынбасары
_____ А.С.Аралбаева
«_____» _____ 20____ ж.

_____ оқу жылындағы _____ - _____ мамандығының
білім алушылардың практикаларын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жинақтық
ЕСЕБІ

1. Практиканың ұйымдастырылуы

1.1 Практикалардың түрлері

1 кесте – Практикалардың түрлері, олардың ұзақтылығы мен өткізілу уақыты

Реттік №	Практика түрлері	Топ шифрі	Курс, оқу тобы	Білім алушылар саны	Оқытушы ның аты- жөні	Өткізілу уақыты	Бекіту конферен- циясы уақыты мен хаттама нөмірі	Қорытынды конференцияның уақыты мен хаттама нөмірі
Жалпы								

1.2 Практиканың әдістемелік қамтамасыз етілуі

- құрастырушылары мен бекітілу уақыты көрсетілген практиканың жұмыс оқу бағдарламасы;
- бірлестік дайындаған әдістемелік құралдар, нұсқаулар.

1.3 Практика базалары

Мамандықтардың практика базаларымен қамтамасыз етілуі. Практика базаларымен жасалған келісім-шарттардың саны (келісім-шарттардың нөмірлері мен уақыттары көрсетілуі керек).

2. Студенттермен өткізілген практика кезеңіндегі зерттеу тақырыптары

3. Практика қорытындылары

2-кесте - Өткізілген практикалардың қорытындылары

Практика түрі	Курс	Оқу тобы	Оқу нысаны	Барлық білім алушылар	Практика бойынша бағалар				Орташа балл
					өте жақ.	жақсы	қанағат.	қанағат- сыз	
ЖАЛПЫ									

3- кесте – Практиканың өткізілу әдістері

Практика түрі	Курс	Оқу тобы	Оқу нысаны	Барлық білім алушылар	Практикадан өткен білім алушылардың саны		
					Топ құрамында өткені	жеке келісім-шарт негізінде	Мінездеме бойынша практикадан босатылғандыр*
ЖАЛПЫ							

*Ескерту: сырттай оқу формасына толтырылады

4. Практика бағдарламасының орындалуына сараптама

Практикаға білім алушылардың дайындық дәрежесіне баға беру және осы дайындықты жүзеге асырушы бірлестік жұмысының сапасын бағалау. Білім алушылардың негізгі меңгергендігін және практиканы өту кезінде қандай қиындықтар болғандығын көрсету.

5. Білім алушылардың және практика базасының жетекшілерінен алынған сауалнамасының сараптамасы

Білім алушылардың практика ұйымдастыру жөнінде қанағаттандылығын анықтау, материалды-техникалық-құралдармен, әдебиетпен қамтамасыз ету. Практика базасының білім алушылардың жұмысымен, жалпы колледжде мамандарды дайындау деңгейінің қанағаттанарлығын анықтау. Практика базасының ұсыныстарын анықтау.

6. Қорытындылар мен ұсыныстар

Есеп бірлестіктің отырысында ____ . ____ 20 ____ ж., қаралды, хаттама № ____

«Педагогикалық және гуманитарлық мамандықтар» бөлімінің меңгерушісі _____ А.Тегі
(қолы)

Ғ Қосымшасы

Білім алушыларының кәсіптік практикасын өткізу туралы келісім-шарттың үлгісі

КЕЛІСІМ ШАРТ № _____

Қызылорда қаласы

20 ____ жылғы " ____ " _____

Жарғы негізінде әрекет етуші Халықаралық «ORDA» жоғары колледжі (әрі қарай – «Білім беру ұйымы») мемлекеттік емес білім беру ұйымы (мемлекеттік лицензиясы серия № KZ8LAM00009271 04.09.2025 ж. мерзімі шектеусіз) директоры Г.С.Досжанова атынан бірінші жақтан және негізінде әрекет етуші _____ деп аталатын екінші жақтан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес төмендегілер туралы осы шартты жасады:

1. Шарттың мәні

1. Білім беру ұйымы 20 ____ жылы түскен

01140600-«Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы

4S01140601- Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

модульдік білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыны оқытуды жүзеге асырады.

2. Кәсіпорын (ұйым) білім алушыны білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік практиканың базасымен қамтамасыз етеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3. Білім беру ұйымы:

1) осы Келісімге, білім беру ұйымының жарғысына, білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларына және білім беру ұйымы қызметін реттейтін білім беру актілеріне сәйкес білім алушыдан адал және тиісті міндеттерді орындауын талап етуге құқылы.

4. Білім беру ұйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) күндізгі оқу нысаны бойынша

01140600-«Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы

4S01140601- Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

мамандық бойынша оқитын білім алушыны оқу үдерісінің кестесіне сәйкес _____ практикадан өту үшін кәсіпорынға жіберу;

2) білім алушыны осы Шартта көрсетілген міндеттер мен жауапкершілікпен таныстыру;

